

Темір жолда жолаушыларды, багаж бен жүк багажын тасымалдау тарифтері туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 4 наурыздағы N 162 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 наурыздағы N 258 қаулысымен.

ТМД елдерінің темір жол көлігінде жолаушылар тасымалдау саласындағы біртұтас тариф саясатын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді.

1. Темір жол көлігінде жолаушылар (қала маңына қатынайтындардан басқасы), багаж бен жүк багажын тасымалдауға қолданылып жүрген тарифтерге орта көтеру коэффициенті 1,8 деп белгіленген (қосылған құн салығын ескеріп) жаңа тарифтер 1993 жылғы 5 наурыздан бастап енгізілсін.

2. Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің жанындағы Баға комитеті Қазақстан Республикасының Көлік министрлігімен бірлесе отырып, "Ішкі және мемлекетаралық қатынастарда жолаушыларды темір жолда тасымалдау тарифтері" 10-02-16 жаңа прејскурантын бекітсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі